

«БЕКІТЕМІН» М. Қозыбаев атындағы СҚУ
Ғылым және инновациялар жөніндегі Басқарма мүшесі
Какабаев А.А.

«22» қараша 2025 ж.

ИРН АР26104945 «Қазақстанның шекаралық өңірлеріндегі азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру: сын-қатерлер және шешу жолдары» жобасы бойынша 2025–2027 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсы шеңберінде мемлекеттік тапсырманы орындау аясында 2025 жылы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін сатып алынуы жоспарланған тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі

№	Атауы	Сипаттамалары (жабдықтар үшін модельін, маркасын, өндірілген елін және басқа да мәліметтерді көрсетуге жол беріледі)	Жабдықтарды сатып алудың экономикалық және ғылыми негіздемесі	ҚҚС-ты есептемегендегі жоспарланған құны	Сатып алу мерзімдері күн	Төлем жасау шарттары (50/50 % 30/70 % 70/30 % 100 %)	Байланыс
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	3 Ноутбук	Брендтің шығу елі – Тайвань. Экран диагоналі – 15,6 дюйм (16 дюймге дейін конфигурациялау мүмкіндігі бар), ажыратымдылығы 1920×1080 (Full HD). Процессор – 12-буын Intel Core i7. Жедел жады – 16 ГБ. Жинақтауыш – SSD 512 ГБ – 1 ТБ. Графика – кіріктірілген Intel Iris Xe немесе дискретті NVIDIA GeForce RTX 3050/4050. Операциялық жүйе – Microsoft Windows 11 Professional (лицензиялық нұсқа). Бағдарламалық қамтамасыз ету – алдын ала орнатылған Microsoft Office 365 кеңселік пакеті, Microsoft Defender антивирустық	ИРН АР26104945 «Қазақстанның шекаралық өңірлеріндегі азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру: сын-қатерлер және шешу жолдары» жобасы аясында сатып алу (24.09.2025 ж. № 264/25-27 ГФ шарт бойынша)	600 000*3 1 800 000	Жабдық жеткізуші шарт жасалғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жабдықты жеткізеді. Тауарды ертерек жеткізуге жол беріледі.	50/50 %	87477775567

		қорғанысы, сондай-ақ негізгі желілік және мультимедиялық қосымшалар.					
2.	Жобаның ресми сайтының құру және жүргізу, домендік атты тіркеу және техникалық қолдау көрсету.	Сайт құрылымы мынадай: басты бетте негізгі жаңалықтар, зерттеулерге арналған анонстар және Орталық туралы қысқаша ақпарат беріледі. «Орталық туралы» бөлімінде миссия, тарих, қызмет бағыттары және сарапшылар тізімі көрсетіледі. «Зерттеулер» бөлімінде жобалар, аналитикалық есептер, кейстер және жарияланымдар орналастырылады. «Жарияланымдар» бөлімінде ғылыми мақалалар, PDF-құжаттар және сыртқы дерекқорларға сілтемелер беріледі. «Жаңалықтар» бөлімінде оқиғалар, конференциялар, жарияланымдар және пресс-релиздер көрсетіледі. «Байланыс» бөлімінде кері байланыс формасы, карта, әлеуметтік желілер және мессенджерлер бар. Сайт навигациясы интуитивті, жоғарғы мәзір барлық бөлімдерге жылдам қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сайт академиялық стильде жасалған, минималистік дизайн, үйлесімді түсті гамма және оқуға ыңғайлы қаріптер қолданылған. Сайт десктоп, планшет және мобильді құрылғыларда дұрыс көрсетілуге бейімделген. Мультимедиа контентіне видео,	Сайттың мақсаты – азық-түлік қауіпсіздігі саласында зерттеулерді, жаңалықтарды, аналитикалық материалдарды және халықаралық деңгейдегі ақпараттарды жариялау арқылы орталықтандырылған ақпараттық-аналитикалық платформаны құру. Сайт Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы стратегиялық зерттеулер орталығының қызметін көрсетуге арналған. Ол ғылыми платформа, ақпараттық ресурс және ұлттық және халықаралық аудиториямен, соның ішінде мемлекеттік органдар, ғылыми қоғамдастық, сарапшылар мен серіктестермен өзара әрекеттесуге арналған коммуникациялық алаң функцияларын біріктіреді. Сайт масштабталуға және жаңа	5 200 000	Жабдық жеткізуші шарт жасалғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жабдықты жеткізеді. Тауарды ертерек жеткізуге жол беріледі.	50/50 %	87477775567

	суреттер, графиктер және интерактивті блоктар кіреді. Блоктардың логикалық орналасуы, негізгі материалдарға визуалды акценттер және ақпаратты қарау мен навигацияның ыңғайлылығы UX құрылымына енгізілген. Техникалық платформасы HTML5, CSS3, JavaScript негізінде әзірленген, блоктарды баптау мүмкіндігі бар. CMS жүйесі икемді және басқарылатын, мысалы Tilda, WordPress немесе ұқсас платформалар, контентті оңай қосу және өңдеуге мүмкіндік береді. SEO оңтайландыруы негізгі және жетілдірілген деңгейде жүргізілген, title, description, alt-тегтер және оқуға ыңғайлы URL қолданылған, халықаралық ілгерілетуді қолдауға мүмкіндік бар. Домен аты – foodsecurity.kz. Google Analytics, Яндекс.Метрика, әлеуметтік желілер, кері байланыс формалары, CRM және сыртқы ғылыми дерекқорлармен интеграция мүмкіндігі қарастырылған. Қауіпсіздік SSL-сертификатпен, резервтік көшірумен және қорғалған формалар мен пайдаланушы деректерімен қамтамасыз етілген. Сайт өнімділігі кештеу және CSS/JS минимизациясы арқылы	функцияларды енгізуге арналған: нақты уақыттағы интерактивті аналитика және деректер визуализациясы, онлайн-оқыту, вебинарлар мен конференциялар, халықаралық өзара әрекеттестік үшін көптілділікті кеңейту, сыртқы CRM және ғылыми платформалармен интеграция, жетілдірілген SEO-оптимизация және халықаралық ілгерілету, сондай-ақ UX/UI жақсарту арқылы пайдаланушыларға барынша ыңғайлылық және аудиторияның белсенділігін арттыру. Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы стратегиялық зерттеулер орталығының шекаралық өңірлерге арналған сайты заманауи, функционалды және технологиялық тұрғыдан дайындалған ресурс болып табылады, масштабталуға және инновациялық шешімдерді енгізуге дайын. Ол орталықтың				
--	--	--	--	--	--	--

		оңтайландырылған, жылдам жұмыс істейді. Сайт функционалдық мүмкіндіктеріне мәтіндік материалдарды, PDF, графиктер, суреттер және видеоны жариялау, көптілділікті қолдау (қазақ және ағылшын тілдері, қажет болса халықаралық тілдерге кеңейту мүмкіндігі), вебинарлар мен онлайн-конференциялар өткізу, жаңалықтарға жазылу және жарияланымдар туралы хабарландыру алу, интерактивті карталар мен аналитикалық панельдер, сыртқы ғылыми платформалар мен дерекқорлармен интеграция кіреді. Сайтты жүргізу және сүйемелдеу алғашқы үш жылға жоспарланған. Оған контентті тұрақты жаңарту, жаңа зерттеулер мен жаңалықтарды жариялау, техникалық қызмет көрсету, қауіпсіздікті бақылау, резервтік көшіру, келушілер санын талдау, пайдаланушы белсенділігін мониторинг жасау, сайтты дамыту бойынша кеңес беру, жаңа функцияларды енгізу, көптілділікті кеңейту және UX/UI жақсарту кіреді.	қызметін тиімді көрсетуге, халықаралық ынтымақтастық пен білім алмасуды дамытуға, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейде ғылыми және аналитикалық жұмысты жүргізуге арналған платформаны қамтамасыз етеді.				
3.	Сауалнама жүргізу, интервью алу, деректер жинау	Қазақстанның шекаралық өңірлеріндегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне арналған	Жобаны жүзеге асыру барысында алынған эмпирикалық және	6 000 000	Жеткізуші қызметті шарт	50/50 %	87477775567

	және өңдеу, жобаны ақпараттық-аналитикалық сүйемелдеу	әлеуметтік-саяси және аналитикалық іс-шаралар кешені – бұл халықтың азық-түлік қамтамасыз етілу жағдайы, жүйелік проблемалар мен азық-түлік жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтау, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге ғылыми негізделген ұсыныстар жасауға бағытталған жоспарлы зерттеу жүйесі. 1. Зерттеу құралдарын әзірлеу Сауалнама жүргізу және интервью алу бастапқы деректерді жинаудың негізгі әдістері болып табылады. Халыққа арналған сандық сауалнамалар мен сарапшыларға арналған жартылай құрылымдық интервью формалары әзірленеді. Сұрақтар азық-түлік қауіпсіздігінің барлық маңызды аспектілерін, соның ішінде өнімдердің физикалық және экономикалық қолжетімділігі, сапасы, тұтыну құрылымы, табыс деңгейі және тұтынушылық әдеттерін, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігі мен тиімділігін қамтитындай етіп құрастырылады. Сұрақтардың формулировкасының методологиялық дәлдігіне және логикалық құрылымына ерекше мән беріледі.	аналитикалық материалдар Қазақстанның шекаралық өңірлеріндегі азық-түлік қауіпсіздігі саласында ғылыми негізделген және практикалық тұрғыда қолдануға болатын ұсыныстарды әзірлеу үшін қажетті кешенді дәлелдемелік базаны қалыптастырады. Зерттеу нәтижелері тек қазіргі жағдайды нақтылауға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіндегі проблемалық аймақтарды анықтауға ғана емес, сонымен қатар оның тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторларды, соның ішінде институционалдық, әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық және мінез-құлықтық аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді. Анализ негізінде алынған деректер мемлекеттік саясат механизмдерін түзету		жасалғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде орындауға міндетті. Қызметті ертерек орындауға жол беріледі.		
--	--	---	--	--	--	--	--

	Зерттеу құралдарын пилоттық тестілеу 10–20 респонденттен тұратын шағын топта өткізіледі. Бұл қадам түсініксіз формулировкаларды, қайталанатын сұрақтарды немесе басқа методологиялық кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер сауалнамалар мен интервью құрылымына түзетулер енгізуге, сұрақтар мен бағалау шкалаларын оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл болашақ зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен репрезентативтілігін қамтамасыз етеді. 2. Халық арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу Сауалнама шекаралық аудандардың тұрғындары арасында (шамамен 600 респондент) репрезентативті ақпарат жинауға бағытталған және оған жеке интервью, онлайн сауалнама және қажет болған жағдайда телефон арқылы сұрау әдістері қолданылады. Негізгі мақсат – халықтың азық-түлік қауіпсіздігі деңгейін анықтау, тамаққа жұмсалатын шығындардың құрылымын талдау, азық-түлік өнімдерінің экономикалық қолжетімділігін бағалау, осал топтарды және азық-түлік қажеттіліктерін қамтамасыз етудегі кедергілерді анықтау.	және жетілдіруде, қолдау шараларының мақсаттылығын арттыруда, азық-түлік нарығын реттеу құралдарын оңтайландыруда және өңірлік азық-түлік жүйелерінің тұрақтылығын нығайтуда тікелей қолданылады. Жобаның нәтижелері шекаралық территориялардың ұзақ мерзімді тұрақты дамуына, әлеуметтік-экономикалық тәуекелдерді азайтуға және халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілу деңгейін арттыруға бағытталған тиімді азық-түлік қауіпсіздігін басқару моделін қалыптастыруға ықпал етеді.				
--	--	---	--	--	--	--

	Сонымен қатар мемлекеттік қолдау шараларының қабылдануын және азық-түлік тұрақтылығына бағытталған бағдарламалардың тиімділігін бағалау жүргізіледі. Мұндай кешенді тәсіл халықтың азық-түлік қамтамасыз етілуінің толық картинасын алуға және кейбір топтар үшін негізгі тәуекел факторларын анықтауға мүмкіндік береді. 3. Сараптамалық интервью ұйымдастыру және өткізу Сарапшылармен интервью институционалдық, экономикалық және логистикалық факторларды анықтау үшін өткізіледі, олар шекаралық өңірлердегі азық-түлік жүйесінің тұрақтылығына әсер етеді. Сарапшылар ретінде мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, аграрлық кәсіпорындар басшылары, ғылыми қызметкерлер мен аналитиктер, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтар лидерлері қатысады. Интервьюлер жеткізу және логистика мәселелерін, ауыл шаруашылық ресурстарының сапасы мен қолжетімділігін бағалауға, мемлекеттік қолдаудың рөлін зерттеуге және аймақтың азық-түлік қауіпсіздігіне ықтимал тәуекелдер мен қауіптерді анықтауға мүмкіндік береді.					
--	---	--	--	--	--	--

	4. Деректерді өңдеу және талдау Жиналған барлық деректер кодталып, жүйелендіріледі. Өңдеу үшін кәсіби бағдарламалық қамтамасыз ету (SPSS, Excel) қолданылады. Бұл сандық талдауды (жиілік көрсеткіштері, орташа мәндер, корреляциялық талдау) және сапалық талдауды (ашық жауаптарды категориялау, тенденциялар мен трендтерді анықтау) жүргізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігінің терең әрі жан-жақты бағасы, проблемалық аймақтар мен тұрақтылыққа әсер ететін факторлар анықталады. 5. Аналитикалық есеп дайындау Талдау негізінде кестелер, графиктер, диаграммалар және инфографика арқылы негізгі көрсеткіштерді визуалды көрсетуге арналған аналитикалық есеп жасалады. Есеп мәтіндік қорытындылар, аналитикалық негіздеме және мемлекеттік саясатты жетілдіру, халыққа қолдау бағдарламаларын оңтайландыру және шекаралық өңірлердегі азық-түлік жүйесінің тұрақтылығын арттыру бойынша практикалық ұсыныстарды қамтиды. Құжат мемлекеттік органдар, ғылыми орталықтар және үкіметтік емес ұйымдар тарапынан стратегиялық					
--	---	--	--	--	--	--

		шешімдер қабылдау үшін арналған. 6. Медиа-анализ және қоғамдық пікірді мониторингтеу Медиа-анализ ақпараттық алаңды түсіну, қоғамдық пікір қалыптастыру және азық-түлік қауіпсіздігі бойынша өзекті проблемаларды анықтаудың негізгі құралы болып табылады. Жоба шеңберінде ұлттық және өңірлік БАҚ, аграрлық және экономикалық порталдар, әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram, Telegram), форумдар, блогтар және сарапшылар қауымдастығы платформалары жүйелі түрде мониторингтен өтеді. Медиа-анализдің мақсаты – халық пен сарапшылар қауымдастығының азық-түлік саясатына деген қабылдауын анықтау, басты нарративтерді, негізгі алаңдаушылық тақырыптарын және қоғамдық қызығушылық нүктелерін табу, сондай-ақ мемлекеттік және беймемлекеттік құрылымдардың коммуникациялық стратегияларының тиімділігін бағалау. Методология сандық және сапалық талдауды қамтиды. Сандық көрсеткіштерге негізгі тақырыптардың аталған жиілігі, жарияланымдар динамикасы,					
--	--	--	--	--	--	--	--


	аудитория қамтылуы және хабарламалардың тоналдығы кіреді. Сапалық талдау материалдардың мазмұнын интерпретациялауды, қоғамдық пікір паттерндерін, даулы тақырыптарды, проблемалық аймақтарды және жоғары әлеуметтік алаңдаушылық аймақтарын анықтауды қамтиды. Медиа-анализ нәтижелері визуализацияланған дашбордтар, интерактивті графиктер, инфографика және тақырыптық шоулар түрінде жүйеленеді. Бұл қоғамдық пікірдің динамикасын бақылауға және сараптамалық анықтамалар жасауға мүмкіндік береді. Алынған деректер коммуникациялық стратегияларды түзетуге, мемлекеттік бастамалардың ашықтығын арттыруға, ықтимал тәуекелдерді болжауға және мемлекеттік бағдарламаларды халықтың нақты қажеттіліктері мен үміттеріне бейімдеуге пайдаланылады. 7. Медиа-анализ негізінде аналитикалық анықтамалар мен сараптамалық материалдарды дайындау Әлеуметтік сауалнама, сараптамалық интервью және медиа-мониторинг деректерінің кешенді талдау негізінде әртүрлі деңгейдегі аналитикалық материалдар жасалады. Қысқаша					
--	--	--	--	--	--	--

	анықтамалар мемлекеттік органдар үшін жедел қолдануға арналған, ал толық сараптамалық есептер тенденцияларды терең талдауды, қоғамдық пікірді құрылымдық түрде көрсету, негізгі көрсеткіштерді визуализациялау, ықтимал тәуекелдерді анықтау және стратегиялық шешімдерге ұсыныстар жасау сияқты мәліметтерді қамтиды. Арнайы назар мемлекеттік азық-түлік саясаты мен халыққа қолдау бағдарламаларының тиімділігін арттыруға арналған практикалық ұсыныстарды әзірлеуге аударылады. Медиа-анализ деректерін пайдалану арқылы қоғамдық алаңдаушылық аймақтары уақытында анықталып, коммуникациялық стратегиялар түзетіледі, қоғамдық сенім қалыптасады және мемлекеттік қолдау шаралары азаматтардың ағымдағы қажеттіліктері мен үміттеріне бейімделеді. Нәтижесінде интеграциялық ақпараттық-аналитикалық өнім пайда болады, ол сандық және сапалық деректерді, әлеуметтік және медиа сигналдарды біріктіріп, стратегиялық негізделген шешімдер қабылдауды және шекаралық өңірлерде тұрақты азық-түлік саясатын					
--	---	--	--	--	--	--

		қалыптастыруды қамтамасыз етеді.					
--	--	----------------------------------	--	--	--	--	--

*Бұл кесте «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» Кәсіпкерлік емес акционерлік қоғамының сайтына сатып алу туралы хабарландыруды орналастыруға арналған

Жоба жетекшісі



Онучко М.Ю.

